

FTAXP 17.01.09

К.Т. Алибекова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Сулейман Демирел университеті  
Қаскелең қ., Қазақстан

## ТҰРСЫНБЕК КӘКІШЕВ - ФИЛОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ МАЗМҰНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИ СЫН ТАРИХЫНЫҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ

**Андатпа.** Мақала қазақ әдеби сынының негізін қалаушыларының бірі Тұрсынбек Кәкішевтің қазақ әдебиеті сыны мен шығармашылығын қалыптастыруы мен құруын зерттеуге арналды. Мақалада қазақ әдеби сынының бүгінгі материалдарымен қатар, алғаш рет сын тарихын құру проблемаларын көрсететін зерттеулерді жүйелеу және қорыту негізге алынды. Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев, Мұхтар Әуезов, Міржақып Дулатов, Есмағамбет Ысмайылов Мұхамеджан Қаратаев және басқалардың әдеби-сыни мақалалары мен материалдарына мысалдар келтіріліп, талдау жасалды. Қазақтың тұңғыш газет-журналдарына шолу жасалды. Тұрсынбек Кәкішевтің көркем әдебиеттегі туындылардың ақ-қарасын таразылап, артықшылықтары мен кемшіліктерін жасырмай талдағаны айқындалды. Сонымен бірге, оның белгілі сыншылардың көзқарастарын сипатқа алып, тұжырымдауы айтылды. Жалпы қазақ әдебиеттануы мен сын саласындағы Тұрсынбек Кәкішевтің алатын орны мен рөлі айтылды.

**Кілт сөздер:** Тұрсынбек Кәкішев, қазақ әдебиеті, әдебиеттану, сын, сыншы, әдеби сыншы, сыншылық, ғалым, зерттеуші, баспасөз.

\*\*\*

**Аннотация.** Статья посвящена изучению формирования, создания литературной критики и развития казахской литературы на основе творческой деятельности одного из основателей казахской литературной критики Турсунбека Какишева. В статье представлены систематизация и обобщение исследований, впервые отражающих проблемы создания критической истории, наряду с сегодняшними материалами казахской литературной критики. Были рассмотрены и проанализированы литературно-критические статьи и материалы Шокана Валиханова, Ибрая Алтынсарина, Абая Кунанбаева, Мухтара Ауэзова, Миржакипа Дулатова, Есмагамбета Исмаилова, Мухамеджана Каратаева. Проведен обзор первых казахских газет и журналов. Представлено описание работы Турсунбека Какишева по выявлению достоинств и недостатков в произведениях художественной литературы. А также отмечены его критические замечания по разбору взглядов известных критиков. В

целом, проведено исследование в области литературной критики в казахской литературе и о роли и месте Турсунбека Какишева в данном явлении.

**Ключевые слова:** Турсунбек Какишев, казахская литература, литературоведение, критика, литературный критик, ученые, исследователи, пресса.

\*\*\*

**Abstract.** The article was devoted to study formation, to create criticism and kazakh literature creativity of one of the kazakh literary criticism founders - Tursynbek Kakishev. Urgency theme - systematization and generalization research, for the first time reflecting problem of creation critical history, along with today's materials of kazakh literary criticism. Were reviewed and analyzed literary-critical article and materials of Shokan Valikhanov, Ibrai Altynsarin, Abai Kunanbayev, Mukhtar Auezov, Mirzhakip Dulatov, Esmagambet Ismailov, Mukhamedzhan Karataev. Overview of first kazakh newspapers and journals were formed. It was proven about impartial work of Tursynbek Kakishev on identification advantages and deficiencies in works of art literature. Also there were marked his critical comments on views of famous critics examinations. Altogether the study in kazakh literature and areas of criticism about role and place of Tursynbek Kakishev appeared.

**Key words:** Tursunbek Kakishev, kazakh literature, literary criticism, critics, literary critic, researchers, the press.

Қазақ әдебиеті тарихында сын ұғымы сонау ауыз әдебиетінде-ақ көрініс тапқанымен, ол бертін келе баспасөз пайда болғалы жарыққа шығып, айтыла бастады. Қазақтың айтыскер-жырауларынан, тұңғыш зерттеуші ғалымы – Шоқан Уәлиханов, тұңғыш педагогы – Ыбырай Алтынсарин, Алаш зиялылары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатовтан бастау алатын сын мәселесі қазақ әдебиеті тарихында бірден кемелденбегені белгілі. Алайда сынның бөлек сала болып қалыптасуына, жанрлық тұрғыдан жіктелуіне, кәсіби сипатының анықталуына, оның қанат жайып, дамуына зор үлес қосқан зерттеуші ғалымдардың бірі, бірегей сыншы – Тұрсынбек Кәкішев.

Тұрсынбек Кәкішевтің 1971 жылы қорғаған «Қазақ әдебиеті сынының туу және қалыптасу жолдары» атты докторлық диссертациясының бірінші бөлімі кейін «Сын сапары» монографиясы және екінші бөлімі «Оңаша отау» атты кітап болып жарияланды. Бұл көлемді еңбек сыншының ондаған жылдар бойы тірнектеп жинаған зерттеулері – қазақ әдебиет сынының Октябрь революциясына дейін пайда болып, Ұлы Отан соғысына дейін жанрлық жағынан қалыптасқанын тың көрсетіп, дәлелдеп береді. Оның туындыларында архив материалдарымен тынымсыз еңбек етіп, ізденіс жолында біраз тер төккені және қазақ әдебиеттануы мен сынының ауыр жүгін көтергені

анық байқалады. Себебі, Тұрсынбек Кәкішев сонау лиро-эпостық жырларға шолу жасап, сын мәселесін дәуірлеу кезеңіне жеткізеді. «Қыз Жібек», «Қобыланды батыр» сияқты жырлардағы қазақ халқының тұрмыстық өмірі, шаруашылығы мен төрт түлікке негізделген тіршілігіне әдемі сипат берген. Әсем табиғатын да ұмыт қалдырмай, асқар тауларынан жазық далаларына дейін, қасиетті өзен-көлдерінен жасыл ағаштарына дейін алынған көркем көріністерді оқи отырып, сыншының жоғары бағасына келіспеу мүмкін емес [1].

Сонымен бірге, Тұрсынбек Кәкішев әдебиет тарихындағы көне ескерткіштерден, би-шешендер мен ақын-жыраулардың өлеңдерінен сынның барлығын дәлелдейді. Қорқыттың қазақ жерін сипаттауында, Әл-Фарабидің өнер жайында қалдырған пікірлерінде, Қожа Ахмет Иассаuidің «Хикмет» еңбегіндегі құнды ой-толғаныстарында сынның сөзсіз етек алатынына тоқталады.

Қазақтың тұңғыш зерттеуші ғалымы Шоқан Уәлихановқа «сыншылық ойдың қарлығашы» деп баға беріп, оның еңбектеріне біршама ізденіс жасайды. Тұңғыш педагог Ыбырай Алтынсариннің ненің пайдалы, ненің пайдасыздығын әрқашанда сыншылық ой елегінен өткізіп отыратынын алға тартады. Ал қазақтың ұлы кемеңгері Абай Құнанбаев өлеңдері мен кара сөздерінде де сынның терең түйіндері жатқанын зерттейді. Оның тіпті кейбір қазақ мақалдарын да қатаң сынға алғаны сыншылық ойдың дамуындағы аса ірі құбылыс екендігінің бұлтартпас айғағы болып табылады [2].

1994 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиеті сынының тарихы» оқулығында қазақтың алғашқы газет-журналдары - «Түркістан уәлаяты», «Дала уәлаяты», «Айқап», «Қазақ» сияқты баспасөздерде сыни ой-пікірлердің жандана түскенін байқатады. Әдеби сынның әсерін жан-жақты талдап, зерттеумен бірге әр дәуірдегі әдебиеттің таптығы тұрғысынан сынға алып, айтыс-тартыстар мен өрістес келіп жатқан ой-пікірлердің ақ-қарасын айқындауымен бағалы.

«Айқап» журналында «Кітаптар жайынан» атты арнайы бөлімінде Ахмет Байтұрсыновтың, Мағжан Жұмабаевтың, Міржақып Дулатовтың, Сәкен Сейфуллиннің, Жүсіпбек Аймауытовтың т.б. ақын-жазушылардың шығармалары жарық көріп, сыни пікірлердің дамуына зор себеп болды. Мәселен, журналда Спандияр Көбеевтің «Қалың мал» романы мен біршама эпостық жырлар жайында рецензиялар жарық көрді. Даулы шығармалар туралы айтылған пікірлер сынның қалыптасып, қанат жаюына түрткі болды. Сын қазақ әдебиетін өркендету үшін күресе жүріп, өзі бірге өсіп-жетілді.

Қазақ әдеби сынының тарихы айтылған кезде, міндетті түрде Мұхтар Әуезовтің есімі аталуы қалыпты. Себебі, ол қазақ көркем әдебиетін әлемдік деңгейге көтеруімен қатар, сын, әдебиеттану ғылымы саласында да талмай еңбек етумен болды. Оның ауыз әдебиеті үлгілерін,

ақын-жыраулар мұраларын зерттеуге зор үлес қосқанын біршама ғылыми зерттеулерден білеміз. Мұхтар Әуезов халықтың асыл қазынасындағы баға жетпес құндылықтарын тауып, жылт етер жақсысын жарқырата көрсеткенін, елдің әдеби-мәдени талап-талғам деңгейін таразылап, эстетикалық мұратының сырына бойлағанын сыншы Тұрсынбек Кәкішевтен артық ешкім танытпады. Ол туралы зерттеулерінде қазақ халқының әдебиеттану тарихы ғұмырының қысқа екендігін, әдеби сын үшін тарихтан мардымды мұралардың әлі алынбағандығын Мұхтар Әуезов жете біліп, тұжырымдағанын көреміз [3].

Тұрсынбек Кәкішев «Сын мен ғылым сардары» атты мақаласында әдебиет сыны мен ғылымындағы дарынды тұлғалардың бірі – Есмағамбет Ысмайыловқа жауынгер сыншы, парасатты ғалым деп баға береді. Ол бар өмірін әдебиет пен өнер мәселелеріне түгелдей сарп етіп, қазақ әдебиеті сыны мен әдебиеттану ғылымының өсіп-өркендеу, қалыптасуы мен дамуына мол үлес қосты. Есмағамбет Ысмайылов 1934 жылы Абайдың ұлы жаңалығының мәні мен маңыздылығын айқындауға, қазақ өлеңінің дәстүрлі нақыштарын өзгертіп, бірнеше жаңа түр жасағандығын ғылыми тұрғыдан дәлелдеуге, үлгі-өнеге алудың арнасы етіп көрсету үшін арнайы мақала жазады. Осыдан кейін ол сын мен әдебиеттану саласында нағыз таланты барын сезінеді. Ол қазақ әдебиетіндегі көркем шығармалардың ішкі сырына терең бойлап, жетістігіне қуана, кемшілігіне қатты нали пікір айтудан еш тартынған емес. Әдебиетті өрге өрлетуді көздеген өрелі мақсат тек шындықты айтқызып отырды. Шығарма шындығы мен шеберлік мәселелері сыншыны талай авторлармен алақөз еткені де жасырын емес. Сондықтан оның принципті сын еңбектері әлеумет назарын өзіне аударып, мезгілінде әділ бағасын алып отырды [4].

Сонымен қатар, Тұрсынбек Кәкішев қазақ халқының тарихында өзіндік орны бар сыншыларымыздың бірі— Мұхамеджан Қаратаевтың еңбектерін де терең зерттеуге алды. Мұхамеджан Қаратаев әдеби-көркем сын саласында жемісті еңбек еткен. Мұхамеджан Қаратаевтың сыни мақаларында әдебиет тарихына, теориясына қатысты мәселелер біршама кездеседі. Көптеген еңбектерінде жалпы қазақ әдебиетінің творчестволық дидары мен жай-күйі, асқан асулары, алынбаған шындыры, қаламгерлеріміздің дәуір, замана алдындағы жауапкершіліктері, уақыт шындығына орай идеялық көркем шығармалар жайлары әңгімеленеді. Сонымен қатар сыншы белгілі бір автор туралы жазғандарында шығарманы эстетикалық талдаумен қоса, өмірбаяндық әсерлі фактілер бар.

Қазақ әдебиеттану тарихындағы сын саласында қажымай еңбек етумен келе жатқан ғалымдарымыздың бірі - Серік Қирабаев. Ол қазақ әдебиетінің әрбір жеке тұлғаларының шығармашылық өнерін зерттеуге, әдебиет тарихының кеңестік заманын жүйелеуге, әдебиет сынының жеткен жетістіктері мен жіберген кемшіліктеріне шолу жасап, баға беруге

елеулі үлес қосты. Ғалым кез келген уақытта әдебиет сыны тарихына қатысты жарық көрген еңбектерді бірсыпыра қарастырып, талдап-таразылап, айқындап отырды. Мысалы, 80-жылдардың орта шенінде жарық көрген зерттеу кітабында, сол кезеңдегі әдебиет сынының жай-жапсарына былайша тоқталады: «Соңғы жылдар ішінде шыққан бірсыпыра сын-зерттеу кітаптарымыз қазіргі қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік, эстетикалық дамуы туралы ғана мол мәлімет беріп қоймайды, оның көп ұлтты совет әдебиетінің бір бұтағы ретінде дамуының заңдылықтары жайында да ғылыми бағдар ұсынады. Олардың ішінде Тұрсынбек Кәкішұлының «Дәуір дидары» т.б. елеулі еңбектер бар (Мұхамеджан Қаратаев. «Көргенім менің көңілдегім», «Ізденіс іздері», Сағат Әшімбаевтың «Талантқа тағзым», «Парасатқа құштарлық»). Бұл кітаптарға кірген тәуір мақалаларда бүгінгі әдебиет процесінің өзіндік өзгешіліктері, жаңалығы совет әдебиетінің даму тарихымен тығыз байланыста берілді [5].

Тұрсынбек Кәкішевтің еңбектерінде сын эстетикалық категория ғана емес, идеологиялық құбылыс, күрес құралы екені де айтылады. Қазақтаймс баспасөзіне берген сұхбатында сыншы: «... көп зерттеушілердің, ақын-жазушылардың жазған дүниелерінде жалған деректер көп кездеседі. Ал менің жасымнан бойыма сіңген нәрсе, зерттеген тақырыбымның түбіне дейін зерттеймін. Қазаққа керек нәрсенің бәрін алып шығуға тырысамын. Жалған сөйлеуге жоқпын. Бірақ, шындықты айтсаң, жұртқа жақпайсың. Жұртқа жақсаң да, басшыларға жақпайсың», - деп ашып айтқан-ды [6].

Қорыта келгенде, Тұрсынбек Кәкішұлы ғылымға қазақ әдебиеті сыны пәнін алып келді. Бұл тұрғыда Зейнолла Қабдолов былай деп топшылайды: «Әдеби сын — саласын профессор Тұрсынбек Кәкішев бір өзі жеке-дара алып зерттеп, талай архивтердің қоңыржай қоймаларын ақтарып-төңкеріп, одан тапқан құжаттар мен жазбаларды жан-жақты пайдалана келе, қазақ әдеби сынының оқулықтарын жазып шықты»[7]. Ол бар өмірін осы салаға сарп етіп, қазақ әдебиеті мұрасына баға жетпес қазына қалдырды. Келешек ұрпақ үшін, ұлт үшін, тарих үшін, әдебиет үшін күш-жігерін аямай, халқымыздың ауыз толтырып айтатын әдеби мұрамызда ақиқат пен шыншылдықтың орнын толтырды. Тұрсынбек Кәкішевтің зор еңбектері әдебиет сахнасында мәңгілік өшпес таңба болып қала бермек. Оның зерттеулері ЖОО-дарында жекеленген пән болып оқытылып, есімі әдебиетпен тең жүріп, «сындарлы сыншы» атын иеленіп қалады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. I бөлім. – Алматы: Білім, 2003. – 305 б.

2 Кәкішев Т. Көптомдық шығармалар жинағы. 4 том. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 412 б.

3 Әуезов М. Мақалалар, зерттеулер. Т. 17. – Алматы: Жазушы, 1985. – 289 б.

4 Ысмайылов Е. Қазақ әдебиеті. Ойлар. – Алматы: Жазушы, 1968. – 256 б.

5 Қирабаев С. Талантқа құрмет. – Алматы: Жазушы, 1988. – 248 б.

6 Тұрсынбек Кәкішев: Шындықты айтсаң, жұртқа жақпайсың [интернет ресурс]. – URL: <http://qazaqtimes.com/article/3434> (20.04.2018 ж.)

7 З. Қабдолов. Көзқарас. – Алматы: Рауан, 1996. - 198 б.